



№18. Отбасы аясында

Құндылық:сүйіспеншілік

Қасиеттер:

**мейірімділік, жанашырлық,
бауырмалдық**

10-сынып

Өзін - өзі тану пәнінің ережесі

5Т



T

- әртіп
- азалық
- алап
- ыныштық
- атулық



Дәйексөз:

- ▶ Ана үшін аянба – ант ұрады,
- ▶ Бала үшін аянба – бетің күйеді.
- ▶ Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,
- ▶ Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.

Бауыржан Момышұлы

Дәптерге жазу.

- ▶ Дәйексөздің мағынасын қалай түсіндіңіздер?



Тұңғыш естелік /үзінді/

Шыңғыс және келешек ғылым-білім өрісі өзі оқып білім алған орыс мектебінде екенін біле тұрса да, балам шығыс әдебиеті мен тарихынан хабардар болсын деп Әубәкір молданы әдейілеп Орынбордан кешіріп алып келген-ді. Алдымен балаларын ана тілінде сауаттандыруда ниеті болған. Сондықтан да ол кейде қалжындап:

— Шоқанға өзің білетін барлық оқуыңды үйрет. Бұларға енді жеті жұрттың тілін білу керек, — дейтін.

Шыңғыстың бұл тапсырмасын Әубәкір бұлжытпай қолға алды. Шығыстың атақты ақындары Әбілқасым Фердоусидың «Шаһнамасын», Жәмидің, Омар Наямның рубаяттарын, Науаидың дастанын, Азербайжан ақындары Низами, Ғанжауи, Фзулилардың шығармаларымен таныстырды. Шоқанның өте-мөте қызыға оқығаны Ләйлі — Мәжнүн жыры, Наямның рубаяттары болды. Әсіресе Омар Наямның ислам діні жөніндегі жансыз сопылық, жалған мүлгушілікке қарсы жазылған өткір қияли рубаяттарын ұнататын.

Сонаршылар тобында /үзінді/

Қысқы үйге кіргелі Шоқандардың оқуы құнтты жүрді. Әубәкір молда да, бұрынғыдай ауыл арасының шақыруынан босап, Шоқанға парсы тіліндегі кітаптардан уақиғалы хикаяларды оқытып, білім өрісін кеңейте түсуде. Аңадағы әжесі айтқан: «Байлық та, бақыт та тиянақсыз, ең тиянақты қасиет — өнер-білім. Жеті жұрттың тілін білмеген адам — шалағай» деген сөзді өзінің естелік дәптеріне Шоқан жазып қойған-ды. Шоқанның күзден бергі оқуға деген ыждаһатына Әубәкірдің өзі де іштей таңданатын. Ол тек жай оқып қоймайды. Оқыған кітабының уақиғасын бағайлап, түпкі мағынасын білуге ізденеді. Шоқанды аса қызықтырған Жәми ақынның «Ескендірнамасы» болды. Әубәкір өзі оқып, Шоқанға мағынасын түсіндіре, кейбір жерлерін жаздырып отырды. Ескендір Зұлқарнайын туралы шығыс елдері аузындағы аңыз әңгімелерімен қатар, Жәми жырлаған дастан да сондай қызықты екен. Жас Ескендірді анасының үлкен данышпан ғалымға беріп оқытқаны Айғаным әжесінің «білім — оқуда» деген насихат өзіне ұштасып жатты. Осыны оқығаннан кейін Шоқан бір күні әжесіне келгенде:

— Әже, сіз Жәми ақынның «Ескендірнамасын» оқыған ба едіңіз? — деді.

— Қарағым, оны неге сұрадың?

Шоқан жымыып:

— Әже, Ескендірдің шешесі ақылды болған екен. Ескендірді ең үлкен данышпан ғалымның қолына беріп оқытыпты. Сол оқу-білімінің арқасында бар әлемді билемек болып үлкен жорық жасапты, — деп Шоқан әжесінің өңіне қарады.

— Қарағым, ол дастанды мен оқығам. Сен де жақсы түсініпсің. Білімділік жақсы, мансапқорлық жаман емес пе. Ол әлемді аузыма қаратам деген озбырлықтан апатқа ұшырады ғой, — деп әжесі сөзін аяқтады.

Шоқан ойлана қалды. Айғаным да сүйкімді немересіне әдеттегі мейірбан ықыласынан басқа еш нәрсе айтқан жоқ. Ханымға амандық айтуға ауыл арасының үлкен кісілері келген кезде, ол әжесіне қош айтып қайтып кетті.

Сұрақтар:

1. Шоқанның азамат болып қалыптасуына қалай ықпал етті?
2. Шоқанның тәрбиесіндегі әжесінің орны қандай болды?
3. Шоқанның өмір жолын адамзатқа қызмет ету жолы деп атауға бола ма? Неліктен?
4. Өз отбасыңызда әжеңіз бен атаңыздың сізге берген үлгі, өнегесі қандай?
5. Олардың қандай жақсы қасиеттерін бойыңызға сіңіріп өскіңіз келеді?

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта.
Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы
ұжымы.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

5-тапсырма.

«Отбасым-менің тірегім» тақырыбында ризашылық шарасын өткізу үшін төмендегі қадамдарға сәйкес бағдарлама әзірле.

- ата-анаға алғыс хат жазу;
- тақырыпқа сәйкес ашық хаттар дайындау;
- қатысушыларға сыйлық жасау

Үй тапсырмасы

1.«Менің борышым» жобасы. 3-кезең.

«Мамандығым-мақтанышым ба?»

тақырыбында шағын сұхбат алу.

2. Келесі сабақ. №19. «Ұлыма хат» мәтінін оқып келу.



Сабақтың қорытынды сәті

«Менің үйім-менің қорғаным» дейтін ағылшындар үйінің қабырғасының қалыңдығын ғана емес, сонымен қатар үйінің, отбасының рухани және адамгершілік беріктігін айтады. Нағыз отбасы кез келген қиындыққа, сынаққа тосқауыл бола алады, өмірдің қандай болсын талқысына шыдай алады, төтеп бере алады. Отбасы аясында адам әдемілік әлеміне сапар шегеді, табиғатты сүйуге, музыканы, әдебиетті түсінуге, өзін бағалай білуге, өзгелерді бағалап, құрметтеуге, сыйлауға үйренеді. Әрбір үй, әрбір отбасы мәдениеттің шынайы ошағы болуы тиіс.

